



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 ж. 3 маусым

Астана қаласы

№ *194*

город Астана

**Қазақстан Республикасы Ғылым және
жоғары білім министрінің «Мемлекеттік
терминология комиссиясын құру туралы»
2022 жылғы 19 қыркүйектегі № 48 бұйрығына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығының 2-тармағына сәйкес және қазақ тілі терминологиясы саласындағы жұмыстарды жүйелеу мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«Республикалық терминология комиссиясын құру туралы».

2. Осы бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы ережеде (бұдан әрі – Ереже):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Республикалық терминология комиссиясы туралы ереже»;

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Республикалық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) экономиканың, ғылымның, техниканың және мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы саласында ұсыныстар тұжырымдайтын консультациялық-кеңесші орган болып табылады.».

3. Республикалық терминология комиссиясының құрамы осы бұйрықтың № 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. Ережеге қосымша осы бұйрықтың № 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрінің
міндетін атқарушы**



T. Eshenkulov

Т. Ешенқұлов

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрінің
міндетін атқарушының
2023 жылғы «3» *мамыр*
№ *14* бұйрығына
№ 1 қосымша

**Республикалық терминология комиссиясының
құрамы**

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім
вице-министрі, төраға

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті төрағасының орынбасары, хатшы

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Редакциялық-баспа
бөлімінің меңгерушісі (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Редакциялау және
сараптама бөлімінің меңгерушісі (келісу бойынша)

Абдрахманов Сауытбек Абдрахманұлы – филология ғылымдарының
докторы (келісу бойынша)

Айдарбек Қарлығаш Жамалбекқызы – филология ғылымдарының
докторы (келісу бойынша)

Әлісжан Сарқыт Қалымұлы – филология ғылымдарының докторы
(келісу бойынша)

Баймұрат Сағидолла Мүтиғоллаұлы – М.С. Нәрікбаев атындағы
КазГУЮ университетінің ассистент-профессоры (келісу бойынша)

Дариябек Дәурен Сейілбекұлы – PhD, теология докторы (келісу
бойынша)

Елеукұлов Ерлан Онланұлы – Алматы энергетика және байланыс
университетінің академиялық доценті (келісу бойынша)

Ерғазина Марал Жүнісбекқызы – медицина ғылымдарының
кандидаты (келісу бойынша)

Жеңісұлы Есей – жазушы, аудармашы (келісу бойынша)

Жонкешов Бауыржан Сейсенбекұлы – филология ғылымдарының
кандидаты (келісу бойынша)

Исакова Сәбира Сағынбекқызы – филология ғылымдарының
докторы (келісу бойынша)

Камбар Бақытгүл – экономика ғылымдарының кандидаты (келісу
бойынша)

Құлманов Сәрсенбай Қуантайұлы – филология ғылымдарының кандидаты (келісу бойынша)

Құрманбайұлы Шерубай – филология ғылымдарының докторы (келісу бойынша)

Махамбетова Айгүл Көбейсінқызы – «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жетекші ғылыми қызметкері (келісу бойынша)

Омашұлы Дәуітәлі – журналист, аудармашы (келісу бойынша)
